

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заң шығару ғылыми-зерттеу институтын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 358

"Ғылым және Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 105-бабына К941000_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заң шығару ғылыми-зерттеу институты таратылсын.

2. Заң институты мекемесі құрылып, ол Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарамағына берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шараларды қ а б ы л д а й т ы н б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бұрын шығарылған үкімет шешімдерін осы қаулымен сәйкес келтіру жөнінде екі ай мерзім ішінде ұсыныстар е н г і з е т і н б о л с ы н .

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі